

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мектепке дейінгі тәрбиеде ұлттық құндылықтардың рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.06.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/180395/>

Автор: Бисембаева Балмекен Бегалықызы

Мектепке дейінгі тәрбиеде ұлттық құндылықтардың рөлі

Авторы: Бисембаева Балмекен Бегалықызы

Мамандығы: Балабақша тәрбиешісі

Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа сапалы тәрбие беру – ең маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе, балабақша жасындағы балаларға ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру олардың болашақ тұлғалық дамуына зор әсер етеді.

Ұлттық тәрбие – ата-бабадан қалған асыл мұра. Халқымыздың салт-дәстүрлері, мақал-мәтелдері, әдет-ғұрыптары – бала бойына имандылық пен адамгершілікті сіңірудің негізі. Мектепке дейінгі ұйымдарда осы құндылықтарды тәрбие үдерісіне енгізу арқылы балалардың елжандылық қасиеттерін дамытуға болады. Балаларға ертегілер айту, ұлттық ойындар ойнату, домбыра үнімен таныстыру – олардың танымын кеңейтумен қатар, ұлттық рухты қалыптастырады. Бұл бағытта тәрбиешінің рөлі ерекше. Себебі әр бала – ел болашағы.

Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие беруде ұлттық мазмұнды бағдарлама, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәрбиешілер және ата-аналармен тығыз байланыс – табысты нәтижеге жетудің кепілі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.